

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 02.09.2025 ж
	«Science Bridge» жас ғалымдар клубы туралы ЕРЕЖЕ 1 б. 5 б.	ССБЖ 3-шығарылым

«БЕКІТІЛДІ»
ҚМУ Ғылыми кеңесінің шешімі,
№ 1 хаттама «02» 09 2025 ж
 Б.Мамбетказиев



«Science Bridge» жас ғалымдар клубы туралы

ЕРЕЖЕ

Өскемен, 2025 ж

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 02.09.2025 ж
	«Science Bridge» жас ғалымдар клубы туралы ЕРЕЖЕ 2 б. 5 б.	ССБЖ 3-шығарылым

1. Жалпы ережелер

1.1. «Science Bridge» жас ғалымдар клубы (бұдан әрі – Клуб) – жастардың ғылыми әлеуетін дамыту, ғалымдар буындарының байланысын нығайту және ғылыми дәстүрлердің сабақтастығын сақтау мақсатында құрылған жас зерттеушілердің, докторанттардың, магистранттар мен студенттердің ерікті бірлестігі болып табылады.

1.2. Клуб өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, университеттің (немесе ғылыми мекеменің) Жарғысына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.3. Клуб заңды тұлға болып табылмайды, өз қызметін берілген құқықтар шегінде және бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес атқарады.

1.4. Клуб қызметі еріктілік, тең құқықтылық, өзін-өзі басқару, ашықтық және ынтымақтастық қағидаттарына негізделеді.

2. Мақсаттары мен міндеттері

2.1. Клубтың негізгі мақсаты – ғылыми қарым-қатынас жасауға, тәжірибе алмасуға және жас ғалымдардың зерттеу дағдыларын дамытуға арналған алаң құру, сонымен қатар тәлімгерлердің қолдауымен олардың кәсіби дамуын қамтамасыз ету.

2.2. Клубтың міндеттері:

- жетекші ғалымдар мен тәжірибелі мамандардың қатысуымен тұрақты кездесулер, дәрістер мен пікірталастар ұйымдастыру;
- жас зерттеушілердің кәсіби және тұлғалық өсуіне ықпал ету;
- пәнаралық өзара іс-қимылды және желілік ынтымақтастықты дамыту;
- конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және ғылыми форумдарды ұйымдастыруға қатысу;
- ғылымды дәріптеу және жастарды зерттеу қызметіне тарту;
- тәлімгерлік жүйесі арқылы ғылыми дәстүрлерді сақтау және жеткізу.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 02.09.2025 ж
	«Science Bridge» жас ғалымдар клубы туралы ЕРЕЖЕ 3 б. 5 б.	ССБЖ 3-шығарылым

3. Ұйымдастырушылық құрылым

3.1. Клубтың жоғарғы органы – жылына кемінде бір рет өткізілетін Мүшелердің жалпы жиналысы болып табылады.

3.2. Қызметті үйлестіру үшін белсенді қатысушылардың арасынан 1 жыл мерзімге сайланатын Клуб Кеңесі құрылады.

3.3. Клубтың жетекшісі (төрағасы) Клуб Кеңесі арқылы сайланып, Жалпы жиналыста бекітіледі.

3.4. Клуб Кеңесінің шешімі бойынша ғылыми бағыттар, жобалар немесе іс-шаралар бойынша жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

4. Мүшелік

4.1. Клубтың мүшелері 40 жасқа дейінгі студенттер, магистранттар, докторанттар, жас ғалымдар мен оқытушылар бола алады.

Клуб мүшелерінің құқықтары:

- Клубтың кездесулеріне, іс-шараларына және жобаларына қатысу;
- бастамалар көтеру, ұсыныстар енгізу;
- Клубтың басқару органдарын сайлау және сайлану;
- әдістемелік және кеңес беру көмегін алу.

4.3. Клуб мүшелерінің міндеттері:

- осы Ережені сақтау;
- Клубтың қызметіне белсенді қатысу;
- Клубтың беделін нығайтуға және ғылыми ынтымақтастықты дамытуға атсалысу.

5. Қызмет түрлері

5.1. Ғалым-тәлімгерлермен кездесулер мен дәрістер өткізу.

5.2. Ғылыми семинарлар, шеберлік сыныптары, тренингтер ұйымдастыру.

5.3. Конференциялар мен форумдарға қатысу.

5.4. Бірлескен ғылыми-зерттеу және әлеуметтік жобаларды іске асыру.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 02.09.2025 ж
	«Science Bridge» жас ғалымдар клубы туралы ЕРЕЖЕ 4 б. 5 б.	ССБЖ 3-шығарылым

5.5. Ғылыми жинақтар, бюллетеньдер, жарияланымдар шығару.

5.6. Клубтың әлеуметтік желілердегі парақшаларын жүргізу, ғылымды насихаттау.

6. Қаржыландыру

6.1. Клубтың қызметі өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

6.2. Қаржыландыру төмендегі көздер есебінен жүзеге асырылуы мүмкін:

– университеттің (мекеменің) қолдауы;

– гранттар, демеушілік және қайырымдылық көмек.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Ереже университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

7.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Клуб мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімі бойынша енгізіледі.

7.3. «Science Bridge» клубының қызметі ҚАЕУ-дің Ғылыми кеңесінің немесе әкімшілігінің шешімі бойынша тоқтатылады.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 02.09.2025 ж
	«Science Bridge» жас ғалымдар клубы туралы ЕРЕЖЕ 5 б. 5 б.	ССБЖ 3-шығарылым

«Science Bridge» жас ғалымдар клубы туралы

ЕРЕЖЕ

Ақпараттық басылым

© Қазақстан-Американдық
еркін университеті, 2025 ж

070018, Өскемен қаласы, М.Горький көшесі, 76
тел. (7232) 50-50-10, 50-50-15
АҚШ кеңсесі: 44490 SE Phelps Rd., Sandy, OR
e-mail: kafu_ukg@mail.ru
веб-сайт: www.kafu